



Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген бюджеттік кредиттер бойынша өтелмеген борыштың сомасын есептен шығару ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 21 мамырдағы N 206 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 19 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2367. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 16 тамыздағы N 304 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 16 тамыздағы N 304 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті (Шәженова Д.М.) бір апта мерзімде қабылданған шешім туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне және "Заң" Медиа-корпорация" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне хабарласын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 1 6 т а м ы з д а ғ ы
N 304 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
күші жойылған кейбір бұйрықтарының
тізбесі

7. "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген бюджеттік кредиттер бойынша өтелмеген борыштың сомасын есептен шығару ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2003 жылғы 21 мамырдағы N 206 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2367 болып тіркелген) . . .

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес және кредиттік келісімнің шарттары бұзылған жағдайда, Республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бөлінген кредиттерді қайтару тетігін әзірлеу мақсатында бұйырамын:

1. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген бюджеттік кредиттер бойынша өтелмеген борыштың сомасын есептен шығару ережесі бекітілсін.

2. "Республикалық бюджеттен және облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен берілген бюджеттік кредиттер бойынша өтелмеген борыш сомасын жергілікті бюджеттердің сомасынан есептен шығару ережесі" туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 46 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 24 ақпандағы N 1407 тіркелген, "Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің бюллетені", 2001 жыл N 12, 343-құжат") күші жойылды деп танылсын.

3. Мемлекеттік борыш және кредит беру департаменті осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қаржы министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
 2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 1 м а м ы р д а ғ ы
 N 2 0 6 б ұ й р ы ғ ы м е н
 бекітілген

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген бюджеттік кредиттер бойынша өтелмеген борыштың сомасын есептен шығару ережесі

1. Осы Ереже облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген бюджеттік кредиттер (бұдан әрі - бюджет кредиті) бойынша жергілікті атқарушы органдардың борыштарын шартпен белгіленген мерзімдерде өтелмеген жағдайда есептен шығару тәртібін анықтайды. Толығымен автоматтандырылған қазынашылық жүйесінің зерттеулерін орнату және аяқтау жүргізілген Қазақстан Республикасының аумақтарында өтелмеген бюджет кредитінің сомасын, сондай-ақ бюджет

кредитінің мақсатсыз пайдалану сомасын есептен шығару толығымен автоматтандырылған қазынашылық жүйесінің зерттеулерін орнату және аяқтау жүргізілмеген жергілікті бюджеттер қолма-қол ақшасының бақылау шоттарынан - жергілікті бюджеттердің (бұдан әрі - жергілікті бюджеттердің шоты) ағымдағы шоттарынан жүзеге асырылады.

2. Жергілікті бюджеттердің шотынан есептен шығару тиісті атқарушы органдардың келісімінсіз кредиттік шарттың күшіне бюджеттік кредиттерді шартпен белгіленген мерзімдерде өтелмеген жағдайда республикалық бюджеттің кіріс шотына жергілікті бюджеттердің есебінен ақша аударымын жасауды білдіреді.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі кредиттік шартта анықталған бюджет кредитін өтеу мерзімі бұзылған кезде есептен шығаруға жататын бюджет кредитінің сомасын көрсете отырып, жергілікті бюджеттердің шоттарынан есептен шығару үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіне (бұдан әрі - Қазынашылық комитеті) өтінім ұсынады.

4. Қазынашылық комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің өтінімінің негізінде қазынашылықтың тиісті аумақтық органына жергілікті бюджеттердің шоттарынан бюджет кредитінің сомасын есептен шығару туралы жазбаша өкімді жібереді.

5. Қазынашылықтың аумақтық органы мемориалдық ордермен жергілікті бюджеттің шотынан облыстық бюджетке, Астана және Алматы қалаларының бюджетіне республикалық бюджеттен берілген өтелмеген борыштың сомасын Кірістердің бірыңғай бюджеттік сыныптамасына есептен шығаруды жүзеге асырады.

6. Жергілікті бюджеттердің есебінен қаражатты есептен шығару бюджет алымдарының бірінші кезектілігін ескере отырып жүзеге асырылады.

7. Жергілікті уәкілетті орган мемориалдық ордер көшірмелерінің негізінде тиісті бюджеттің атқарылуы туралы есепке алуда және есепте бюджет кредиті бойынша өтелген борыштың сомасын көрсетеді.